

№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

01.09.2022 ж.

Бұйрық № 115

«Мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, анықтау және болдырмау туралы»

Мектеп оқушылары арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, анықтау және болдырмау мақсатында **Бұйырамын:**

1. 2022-2023 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған ауқымды іс-жоспар түзілсін.
2. Мектепте оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында профилактикалық жұмыстар тиісті деңгейде жүргізіліп, мобильдік топтың, ата-аналар комитетінің жұмысы жандандырылсын.
3. Мектепшілік есепте тұратын тәртібі нашар, қылмысқа бейім, сабақтан себепсіз көп қалатын мектеп оқушыларының тізімін алу, олардың ата-аналары туралы мәліметтер алу, тиісті жұмыстар алып бару мектеп психологтары Г.Алматова, Б.Умирова, әлеуметтік педагог Э.Ибрагимоваға міндеттелсін.
4. Мектеп жасындағы балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оларды түрлі іс-шараларға, үйірмелерге қызықтырып қатыстыру сынып жетекшілерге міндеттелсін.
5. Мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақыттағы, отбасылық – тұрмыстық жағдайлары, олардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын зерделеу, сараптау жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін.
6. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Ерназаровқа міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Парманова Г.А.